

«Бекітемін»
Мектеп директоры
 Н.Кулахметов



«Келісемін»
Мектеп директорының тәрбие
жұмысы жөніндегі орынбасары
 Ф.Караев

**2021–2022 оқу жылында
№27 «Аққала» жалпы орта мектебі
7 сыныптарына арналған
«Жолда жүру ережелері»
оқу пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

2021ж.

**7 сыныптарына арналған «Жолда жүру ережелері» оқу
пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Өткізетін мезгілі
1	Автокөліктің еліміздің экономикасындағы рөлі	1	қыркүйек
2	Көлік құралдарын пайдалану ережелері	1	қазан
3	Көлік құралдарының аялдау және тұрақтау орындары	1	қараша
4	Интервал және арақашықтық. Қозғалыс жылдамдығы	1	желтоқсан
5	Қозғалыс жол жолағы. Басып озу.	1	қаңтар
6	Жүргізушілердің жұмыс қабілеттілігі және олардың сенімділігі	1	ақпан
7	Автокөлікте медициналық қобдышаның болуы	1	наурыз
8	Темір жол қиылысынан өту. Қала сыртындағы жолдарда жүру ережелері	1	сәуір
9	Велосипедшілер, мопедшілердің жолда жүру ережелері. Велосипедпен, мотоциклмен жолаушыларды және жүкті тасымалдау ережелері	1	сәуір
10	Қорытынды сабақ		мамыр
	Жалпы	10	

Сынып жетекшісі: А. Халметов

Қысқа мерзімді жоспар

Мектеп: №27 «Аққала» жалпы орта мектебі		Мұғалімнің есімі: Халметов А.	Тәрбие сағаты
Сабақтың тақырыбы:		1)Жол қозғалысы ережелері Көшеде жүру ережесі	
Күні: 11 қыркүйек		Сынып: 8 Б	Оқушы саны: 13
Сабақтың мақсаты		Оқушылардың жолда жүру ережесі туралы білімдерін толықтыру, іс-жүзінде асыра білуге үйрету. Жолда жүру ережелерін ойда сақтай білуге үйрету. Тәртіптілікке, сақ болуға,көшеде өздерін дұрыс ұсатап жүруге тәрбиелеу	
Көрнекіліктер		Суреттер, сөзжұмбақ кестесі, нақыл сөздер	
Жоспарланған уақыт		Сабақ барысы	
Басталуы 2 мин		Ұйымдастыру кезеңі 1. Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Өміріңді күзеткен, Ысқырығы күшті адам.(Автоинспекция қызметкері) 2. Арқаным тым ұзын. Ала алмайсың бір үзім.(Жол) 3. Сөйлегенде білмейді Бірақ «Токта,жүр»-дейді. (Бағдаршам)	
Тәрбиенің басым бағыты бойынша сабақ мазмұны Ортасы 20 мин		Көшеде жүру ережесі: 1.Тек 14 жастан кейін ғана көшеде жүруіне рұқсат етіледі. 2.Автобусқа мінерде аялдама күт.Тәртіп сақтай біл.Басқаға кедергі жасама. 3.Транспорттың артына жабысуға болмайды.Құлап апатқа ұшырауы мүмкін. 4.Жүріп келе жатқан көліктің алдынан өтіп кетемін деуші болма.Ол тоқтағанша не өтіп кеткенше тоса тұр. 5.Аялдамада тұрған автомобиль,автобус,троллейбустың,машинаның арт жағынан айналып өт.Сонда сен оның соңында келе жатқан машинаны дер кезінде көре аласың. 6.Көшеде өтерде әуелі сол жағыңа,көшенің орта тұсына жеткенде,оң жағыңа көз сал.Егер машина келе жатса,өтіп кеткенше сол орнында күте тұр. 7.Көше бойында велосипед,ролик айдама!Ол өте қауіпті.Велосипедті арнайы орындарда айдау керек. 8.Жол ортасымен жүрме!Келіп қалған көлікті көрмей қалуың мүмкін. 9.Жолда үнемі сақ бол!Жол жиегімен жүр!Жоқ болса жолдың шетімен жүр.Көлік келе жатса шетке шығып күт,өтіп кеткен соң жүресің! 10.Жолда бөтен көлікке мінбе! «Бағдаршам» ойыны Бағдаршамның қызыл түсін көрсету Оқушылар орындарынан тұрады Токта!	

	Бағдаршамның сары түсі түсін көрсету Оқушылар екі жаққа кезек –кезек қарап дайындалады Дайындал! Жасыл түс Аяқтарын топ-топ басады.	
Сынып белсенділерінің апталық есебі 10мин	<i>Сынып белсенділерінің апталық есебімен танысу.Жіберілген кемшіліктер мен жетістіктерді,оқушылардың кітап,дәптерлері,күнделік тің толтырылуын тексерудің қорытындысы</i>	есеп
Ата-ана кеңесі немесе құқықтық оқыту 3мин	Баланың міндеттері: Әрбір бала ҚР Конституциясын және заңдарын сақтауға Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге Еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға Табиғатты қорғауға, сақтауға, ұқыпты қарауға т.б. Өз өміріне жауапкершілікпен қарауға Кішкентайларға қамқорлық жасауға Мұғалімді тыңдауға Мектеп мүліктерін ұқыпты сақтауға, Қоғамдық шараларға қатысуға, Мектеп ережесіне бағынуға	ереже
Сабақтың аяқталуы Қорытынды Қауіпсіздік ережесі 5мин	Қауіпсіздік ережесі: 1.Өзінді біреудің кемсітуіне жол берме! 2.Бейтаныс адамдармен сөйлеспе! 3.Бөтен көлікке мінбе! 4.Жол ережесін үнемі есте сақта!	ереже

Қысқа мерзімді жоспар

Мектеп: №27 «Аққала» жалпы орта мектебі		Мұғалімнің есімі: Халметов А.	Тәрбие сағаты
Сабақтың тақырыбы:	2) Жол таңбаларының белгіленуі.		
Күні: 16 қазан		Сынып: 8 – «Б»	Оқушы саны: 13
Сабақтың мақсаты	1.оқушыларды жолда жүру ережелерімен таныстыру, көшеде дұрыс жүруін ескерту, қоғамдық орындарда өздерін алып жүруге үйрету, жол белгілерін, олардың топтарын ажырата білуге үйрету. 2. оқушылардың ой-өрісін, сана- сезімін, өзін-өзі ұстауын, көшеде дұрыс жүруін тұруын, жол белгілері бойынша қиылыстан, бұрылыстан өтерде жол ережелерін есте сақтай білу қасиеттерін дамыту. 3. жол белгілерін жатқа білуге, сақ болуға, мәдениетті сөйлей білуге, өзара достыққа, әдептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.		
Көрнекіліктер	Суреттер, сөзжұмбақ кестесі, нақыл сөздер		
Жоспарланған	Сабақ барысы		
Басталуы 2 мин	«Амандасу» бағдаршам түстері бойынша: оқушылар алдарына берілген бағдаршам суретінің әр түсіне екі оқушының атын жазады, содан кейін сол түске сай амандасады. Қызыл түс – қолыңды бұлғап амандас Сары түс – қолын алып амандас Жасыл түс- құшақтасып амандас Жасыл, қызыл, сары жетондар арқылы топқа бөлінеді. 1. «Жол сақшылары» 2. «Жаяу жүргінші» 3. «Жол белгілері»		
Тәрбиенің басым бағыты бойынша сабақ мазмұны Ортасы 23 мин	Мұғалім сөзі: Қазіргі таңда адам өмірінде көліктің пайдасы мен маңызы зор. Ертеде көліктің орнына қазақтар ат пен түйені, үнділіктер пілді, өзбектер есекті, тау халықтары өгізді пайдаланған. Қазірде қала ішінде автобуска, алыс жаққа баратын болсаңдар пойыз, ұшақ тәрізді көлік түрлеріне мінесіндер. Ол үшін жолда жүру тәртібі мен қауіпсіздік ережелерін білу керек. Көліксіз жүріп-тұру мүмкін емес. Біз демократиялық құқықтық мемлекетте өмір сүретіндіктен әр адам құқықтарын білу керек. Қарапайым көшені алсақ, оның өзі бір заңдылықтарға бағынады. Жол белгілері – көлік қозғалысын реттеу және көлік жүргізуші мен жаяу жүрушіге маңайдағы жол жағдайы жөнінде ақпарат беру мақсатында көше мен жол бойына қойылатын арнайы белгілер. Бағдаршам қалай пайда болды? Алғашқы бағдаршам темір жол бойында пайда болды. Оны ойлап тапқан адамның есімі тарихта сақталмаған. Ал оны көше қозғалысына ыңғайлап, қайта жасаған ағылшын инженер - механигі Д. Найт болатын. Ол 1868 жылы Лондондағы парламент үйінің алдына бағдаршам орнатты. Апарат ортасына газды шам орнатылды. Өкінішке орай, газ жарылып кезекте тұрған полицей қаза болды. Содан бағдаршам жарты ғасыр бойы ұмыт болды. Тек 1914 жылы Американың Кливлену қаласында сосын Нью - Йорк қалаларында қайтадан пайда болды. Бұл жолы екі түсті қызыл, жасыл электр бағдаршам болды. Ал 1918 жылдан бастап үш түс қолданыста болды. Кеңес одағы бойынша алғаш рет бағдаршам Мәскеу қаласында 1924 жылдан Кузнецкі көпірі мен Петровка көшелерінің қиылысынан орын алды. Қазіргі заманның талабына сай жаңа технологияның дамуына байланысты реттеушіні бағдаршам алмастыруда.		
Сынып белсенділерінің апталық есебі 15 мин	Сынып белсенділерінің апталық есебімен танысу. Жіберілген кемшіліктер мен жетістіктерді, оқушылардың кітап, дәптерлері, күнделік тің толтырылуын тексерудің қорытындысы		есеп

Топтық жұмыс	Сабақ барысы: 1) «Сұрақ-жауап» (әр топқа сұрақтар қойылады) 2) «Жол ережелері» («Жалғасын тап» деген ойын) 3) «Кім тапқыр?» (жұмбақтарды шешу) 4) «Кім жылдам?» (әр топқа тапсырма беріледі) 5) Ситуациялық сұрақтар (көрініс) 1. «Сұрақ-жауап» 1. Бағдаршам деген не? (Жол бойының қозғалысын реттейтін құрал) 2. Қай түс жанғанда машиналар жүреді? (жасыл) 3. Көлік күтетін жерді қалай атайды? (аялдама) 4. Көшеде жаяу жүрген адамдарды кімдер дейді? (жүргіншілер) 5. Автобус тоқтайтын жерді не деп атайды? (аялдама) 6. Бағдаршамның «Қызыл» көзі не дейді? («Тоқта» дейді) 7. Велосипедті көшеде неше жастан тебуге болады? (14 жастан) 8. Бағдаршамда неше көз бар? (Үш көз бар: қызыл, сары, жасыл) 9. Жаяу адамдардың өтетін жолындағы сызық. (ақжол) 10. «Жолаушылар» деген кім? (көлікке мінетін адамдар) 11. Бағдаршам жоқ көшеден қалай өтеміз? (әуелі сол жаққа, көшенің ортасына келгенде оң жаққа қараймыз) 12. Жиек жол (тротуар) деген не? (Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол) 13. Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды? (Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді.) 14. Көшенің келесі бетіне қай жерден өту керек? (Жаяулар өтетін жолмен /пешеход/ өту керек) 15. Жаяу жүргінші деген кім? Көлік құралынан тыс және онда жұмыс жасамайтын адам.	ереже
Сабақтың аяқталуы Қорытынды Қауіпсіздік ережесі 5мин	«Бағдаршам» әдісі. Құрметті оқушылар! Бүгінгі жол белгілері арқылы, жол қауіпсіздігін білетін болдыңыздар. Жолда жүру ережесіне мұқият болу керек. Қай көше, қай қалаға барсаңыз да, Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да. Жол жүру ережесі – заңды тәртіп, Ол ортақ! Үлкен – кіші, баршаңызға, - деп бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз. Сабақ аяқталды. Сау болыңыздар	ереже

Қысқа мерзімді жоспар

Мектеп: №27 «Аққала» жалпы орта мектебі		Мұғалімнің есімі: Халметов А.	Тәрбие сағаты
Сабақтың тақырыбы:	3)Қосымша секциялары бар бағдаршамдар.		
Күні: 20 қараша	Сынып: 8 – «Б»	Оқушы саны: 13	
Сабақтың мақсаты	Оқушылардың жолда жүру ережесі туралы білімдерін толықтыру, іс-жүзінде асыра білуге үйрету. Жолда жүру ережелерін ойда сактай білуге үйрету. Тәртіптілікке, сақ болуға,көшеде өздерін дұрыс ұсатап жүруге тәрбиелеу		
Көрнекіліктер	Суреттер, сөзжұмбақ кестесі, нақыл сөздер		
Құндылықтарды дарыту	Оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді,адами құндылықтарды сіңіру.Өзін- өзі құрметтеуді,үлкенді,ата-анаы,отбасы мүшеерін,мұғалімді сыйлауды үйрету		
Жоспарланған	Сабақ барысы		
Басталуы 2 мин	Ұйымдастыру кезеңі. Сыныппен сәлемдесіп, сабаққа дайындығын тексеру. Жағымды психологиялық ахуал «Бағдаршам» әнін балалармен бірге айту I. Қызығушылықты ояту. Топтық жұмыс. Топқа бөлу. «Мозайка» әдісі Оқушыларды жол белгілерінің сурет киындылары арқылы 3 топқа бөлу. Топ өздеріне түскен жол белгілері туралы айтып өтеді. Жұмбақ		
Тәрбиенің басым бағыты бойынша сабақ мазмұны Ортасы 23 мин	3-деңгей. Бағдаршамның пайдасын «Кластер» әдісімен түсіндіріңдер. Топтар бағдаршам түстері арқылы бағдаршамның заңдылықтарын талдайды, қорғайды. 1-топ. «Қызыл түс»-Жолда жүру ережесіне байланысты жаяу жүргіншілерге тиым салынатын заңдылықтарды топтастырады. - Жолдан өтерде өте мұқият болу керек. Жолдан жүгіріп өтуге болмайды. Жол қиылысында аса абай болу керек, көшелерде, жолдарда доп ойнауға, шанамен сырғанап ойнауға болмайды. Бағдаршам жоқ жерде келе жатқан көліктің алдынан жүгіріп шығуға болмайды. Және велосипед айдап келе жатқан адам жолдан өткен кезде велосипедтен түсіп, жаяу өту керек. 15 минут 2-топ. «Сары түс». Жолда жүру ережесіне байланысты жаяу жүргіншілердің жолда жүру заңдылықтарын топтастырады. Адамдар жолдан бағдаршамға қарап өтеді.Жол қиылысындағы бағдаршамның жанып,ауысып тұратын үш түсті көзі бар. Бірінші қызыл көзі жанғанда «тоқтап» тұр деген белгі. Сары түс жанғанда дайындал деген белгі береді. Ал жасыл жанғанда жолдан өтуге болады. Бағдаршам бар қиылыста адамдар өтетін ақ жолақтар болады.Бағдаршамның қызыл көзі жанғанда көліктер тоқтайды, ал адамдар, жаяу жүрушілер ақ жолақтармен өтеді. Жолдан өткенде бағдаршамға бағынумыз қажет. Егер бағдаршам жоқ болса жолдың тәртібін реттеп тұратын жол сақшысына бағыну керек.Ең бастысы көшені келіп өтер кезде мұқият болу керек. Жолдан өткенде әуелі оңға,содан кейін солға қарау керек. 3-топ. «Жасыл түс». Бағдаршамның пайдасын түсіндіреді. - Біз көшеде жүргенде өз қауіпсіздігімізді сақтауымыз керек.Сол үшін жол ережелерін мұқият білүміз қажет. Бұл жағдайда бізге бағдаршам үлкен көмек береді. Бағдаршам бізге жол қиылыстарынан өтуге көмектеседі. Жаяу жүрушілерді жол апатынан сақтайды. Бағдаршам көшедегң көлік қозғалысы мен жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттеуші құрал, егер бағдаршам болмаса, жол апаты көп болар еді. Бағдаршамның үш көзі жаяу жүргіншілерге және көлікпен жүруге де өте қолайлы, адам өміріне орасан зор		
Сынып	Сынып белсенділерінің апталық есебімен	есеп	

белсенділерінің апталық есебі 15 мин	танысу.Жіберілген кемшіліктер мен жетістіктерді,оқушылардың кітап,дәптерлері,күнделік тің толтырылуын тексерудің қорытындысы	
Сабақтың аяқталуы Қорытынды Қауіпсіздік ережесі 5мин	Қауіпсіздік ережесі: 1.Өзіңді біреудің кемсітуіне жол берме! 2.Бейтаныс адамдармен сөйлеспе! 3.Бөтен көлікке мінбе! 4.Жол ережесін үнемі есте сақта!	ереже

Қысқа мерзімді жоспар

Мектеп: №27 «Аққала» жалпы орта мектебі		Мұғалімнің есімі: Халметов А.	Тәрбие сағаты
Сабақтың тақырыбы:	4) Жолда жүру ережелерін білеміз бе?		
Күні: 18 желтоқсан		Сынып: 8 – «Б»	Оқушы саны: 13
Сабақтың мақсаты	Көшеде жүру ережелері бойынша қалыптасқан оқушы түйсіктерін, білімдерін пысықтап, оның өмірдегі маңызын түсіндіру. Оқушылардың қызығушылығын тудырып, ой - өрісін, белсенділігін дамыту. Сынып оқушыларын жолдастыққа, сақтыққа тәрбиелеу.		
Көрнекіліктер	Суреттер, сөзжұмбақ кестесі, нақыл сөздер		
Құндылықтарды дарыту	Оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді, адами құндылықтарды сіңіру.Өзін-өзі құрметтеуді,үлкенді,ата-анаы,отбасы мүшеерін,мұғалімді сыйлауды үйрету		
Жоспарланған	Сабақ барысы		
Басталуы 2 мин	Мұғалім: Сәлеметсіңдер ме, балалар? Біз өмірімізді, денсаулығымызды қорғаудың бірден - бір кепілі көшеде жүру ережелерінен сабақтар өткізген болатынбыз. Бүгін осы көшеде жүру ережелері бойынша алған білімдерінді пысықтау мақсатында «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» атты тәрбие сағатын өткізгелі отырмыз. Себебі, жолда жүру тәртібін білу әрбір бала, әрбір адам үшін маңызды деп білеміз. - Ал көшеде жүру тәртібін білмеу неге әкеп соғуы мүмкін? 1 - оқушы: Көшеде жүру тәртібін орындамау көліктердің жүріп тұруына кедергі келтіреді, жұмысшылар жұмысқа, оқушылар сабаққа, дәрігерге, басқа да баратын жерлеріне дер кезінде жетпеуі мүмкін. 2 - оқушы: Көшеде жүру тәртібін білмеудің салдарынан адамдар жол апатына ұшырап жатады. 3 - оқушы: Жолда жүру ережелерін білмеген оқушылар көлік астына түсіп, қыршыннан қиылып та жатады. 4 - оқушы: Жол жүрудің тәртібін Ережесін білеміз. Сақтанғанда қатерден, Сау - саламат жүреміз. Мұғалім: Олай болса сендерге көшеде жүру ережелеріне байланысты біраз сұрақтар қояйын. Ал сендер келген қонақтарға бар білімдерінді көрсетуге тырысыңдар. - Балалар, жол деген не? 5 - оқушы: «Жол» деген сөздің өзі көлік құралдары мен жүргіншілер қозғалатын аумақ ұғымын қамтиды. Бұл қалалар мен елді мекендер, олардан тыс жерлердегі жолдар, көшелер мен бұрылыстар. Жол көліктер мен жаяу жүргіншілерге арналған деп екіге бөлінеді. - Жолда жүруде біз білу керекті ең негізгі ереже қандай? 6 - оқушы: Жолда жаяу жүргінші мен жүргізуші болады. Автобустар, троллейбустар мен автокөліктер көліктің негізгі ЖОЛ АЛЫБЫМЕН жүреді, ал жаяу жүргінші ТРОТУАРМЕН немесе көше бойының оң жақ шетімен жүру керек. - Тротуар деген не? 7 - оқушы: Тротуар сөзі француз тілінен аударғанда «жаяу жүргіншіге арналған жол» дегенді білдіреді. Тротуар үстінде қандай да болмасын ойын ойнауға немесе жүгіруге болмайды. Бұл жаяу жүргіншіге бөгет жасаумен атар, аса қауіпті болып табылады. - Жол жиегінің бойындағы қапталдар не? 8 - оқушы: Бұл – жол жиегі мен тротуар аралығын бөліп тұру үшін қаланған арнайы тас қаптал. Оны БОРДЮР деп атайды. Бордюр француз тілінде «бір нәрсені жиектеуге арналған жолақ» деген сөз. Кейбір балалар осы бордюрдің үстімен жүруді қызық көреді. Ондай жағдайдың ақыры қайғылы оқиғаға соқтыруы мүмкін. 9 - оқушы: Тротуар – жүрер жолы жаяудың, желаяқтың, Жайбасардың, баяудың.		

	Машинаның жолы – көше ортасы, Соны ұмытып кете көрме, аяулым. - Жол бойындағы сызықтар мен белгілерді қалай атаймыз? Хормен: Жол белгілері - Біз үнемі тротуармен жүре бермейміз. Көшеден өтетін кезде қалай өтеміз? 10 - оқушы: Көшеден тек жаяу жүргіншілер өтпесі арқылы өту керек. Оны «Зебра» (жолақ жол) деп атайды. Суретпен жұмыс 1. Жаяу жүргіншілер жолын көрсет. 2. Балаға үйден мектепке дейінгі ең қысқа жолды табуға көмектес. Оны қызыл сызықпен белгіле. 3. Ал енді ең қауіпсіз жолды тап. Оны жасыл сызықпен белгіле. - Қызыл сызықпен белгіленген жол қысқа болғанымен қауіпті, сондықтан жасыл түспен белгіленген жолмен жүргіземіз. 11 - оқушы: Жолақ жолмен көшеден Өтеді кіл жаяулар. Көліктердің бәрінің Жылдамдығы баяулар. «Қалмасын жұрт жолынан!»- Деп жол берер көліктер. Зебраның жонынан Аумайды өзі, келіп көр! - Көшеде жүру тәртібін не басқарады? Оқушылар хормен: БАҒДАРШАМ 12 - оқушы: Бағдаршам аты Үш көзі бар батыр. Тоқ болғанмен заты, Өзінде көп ақыл. 13 - оқушы: Бағдаршам - өмірімізді жазымнан сақтандыратын көмекшіміз, оның сырын біліп, тілін алу баршамызға керек.	
Тәрбиенің басым бағыты бойынша сабақ мазмұны Ортасы 20 мин	3-деңгей. Балалар, кейде қиылыстардағы бағдаршам жұмыс істемей қалуы мүмкін. Бұл жағдайда бағдаршамның міндетін мемлекеттік автоинспекциясының қызметкерлері атқарады. Оны РЕТТЕУШІ дейміз. Қазір Нұрдәулет реттеуші болады. Сендер оның қимылын бағдаршамның қандай сигналына сәйкес келетінін алдарыңдағы қызыл, сары, жасыл белгішелерді көтеру арқылы көрсетесіңдер. Нұрдәулет: (ала таяғымен реттеуші қимылын 2 рет көрсетеді) Көрсен жолдың бойынан МАЙ қызметкерлерін Шаршау білмес, ей, ұлан, Елеу керек еңбегін. Көз салып ол қырағы, Бос жібермей әр күнін, Қадағалап тұрады Жолда жүру тәртібін. - Рахмет. Ал, балалар, жолдағы жол белгілері не үшін керек деп ойлайсыңдар?	
Сынып белсенділерінің апталық есебі 10мин	<i>Сынып белсенділерінің апталық есебімен танысу. Жіберілген кемшіліктер мен жетістіктерді, оқушылардың кітап, дәптерлері, күнделік тің толтырылуын тексерудің қорытындысы</i>	есеп
Сабақтың аяқталуы Қорытынды Қауіпсіздік ережесі 5мин	Мұғалім: Тәрбие сағатымызды қорыта келгенде, біздің қалаларымызда сол сияқты біз тұрғандай ауылдардың бәріне ортақ жолда жүру ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, барлық жүргіншілер мен жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек. Тәрбие сағатына белсене қатысып, ізденгіштік қабілетін көрсеткен оқушылар атап өтіледі.	ереже

Қысқа мерзімді жоспар

Мектеп: №27 «Аққала» жалпы орта мектебі		Мұғалімнің есімі: Халметов А.	Тәрбие сағаты
Сабақтың тақырыбы:	5) Жол жүру белгілері және олардың қолданысы		
Күні: 15 қаңтар	Сынып: 8 - «Б»	Оқушы саны:	
Сабақтың мақсаты	1.оқушыларды жолда жүру ережелерімен таныстыру, көшеде дұрыс жүруін ескерту, қоғамдық орындарда өздерін алып жүруге үйрету, жол белгілерін, олардың топтарын ажырата білуге үйрету. 2. оқушылардың ой-өрісін, сана- сезімін, өзін-өзі ұстауын, көшеде дұрыс жүруін тұруын, жол белгілері бойынша қиылыстан, бұрылыстан өтерде жол ережелерін есте сақтай білу қасиеттерін дамыту. 3. жол белгілерін жатқа білуге, сақ болуға, мәдениетті сөйлей білуге, өзара достыққа, әдептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.		
Көрнекіліктер	Суреттер, сөзжұмбақ кестесі, нақыл сөздер		
Құндылықтарды дарыту	Оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді,адами құндылықтарды сіңіру.Өзін- өзі құрметтеуді,үлкенді,ата-анаы,отбасы мүшеерін,мұғалімді сыйлауды үйрету		
Жоспарланған	Сабақ барысы		
Басталуы 2 мин	Мұғалім сөзі: Қазіргі таңда адам өмірінде көліктің пайдасы мен маңызы зор. Ертеде көліктің орнына қазақтар ат пен түйені, үнділіктер пілді, өзбектер есекті, тау халықтары өгізді пайдаланған. Қазірде қала ішінде автобуска, алыс жаққа баратын болсаңдар пойыз, ұшақ тәрізді көлік түрлеріне мінесіңдер. Ол үшін жолда жүру тәртібі мен қауіпсіздік ережелерін білу керек. Көліксіз жүріп-тұру мүмкін емес. Біз демократиялық құқықтық мемлекетте өмір сүретіндіктен әр адам құқықтарын білу керек. Қарапайым көшені алсақ, оның өзі бір заңдылықтарға бағынады. Жол белгілері – көлік қозғалысын реттеу және көлік жүргізуші мен жаяу жүрушіге маңайдағы жол жағдайы жөнінде ақпарат беру мақсатында көше мен жол бойына қойылатын арнайы белгілер. Бағдаршам қалай пайда болды? Алғашқы бағдаршам темір жол бойында пайда болды. Оны ойлап тапқан адамның есімі тарихта сақталмаған. Ал оны көше қозғалысына ыңғайлап, қайта жасаған ағылшын инженер - механигі Д. Найт болатын. Ол 1868 жылы Лондондағы парламент үйінің алдына бағдаршам орнатты. Апарат ортасына газды шам орнатылды. Өкінішке орай, газ жарылып кезекте тұрған полицей қаза болды. Содан бағдаршам жарты ғасыр бойы ұмыт болды. Тек 1914 жылы Американың Кливлену қаласында сосын Нью - Йорк қалаларында қайтадан пайда болды. Бұл жолы екі түсті қызыл, жасыл электр бағдаршам болды. Ал 1918 жылдан бастап үш түс қолданыста болды.Кеңес одағы бойынша алғаш рет бағдаршам Мәскеу қаласында 1924 жылдан Кузнецкі көпірі мен Петровка көшелерінің қиылысынан орын алды. Қазіргі заманның талабына сай жаңа технологияның дамуына байланысты реттеушіні бағдаршам алмастыруда.		
Тәрбиенің басым бағыты бойынша сабақ мазмұны Ортасы 30 мин	1. Бағдаршам деген не? (Жол бойының қозғалысын реттейтін құрал) 2. Қай түс жанғанда машиналар жүреді? (жасыл) 3. Көлік күтетін жерді қалай атайды? (аялдама) 4. Көшеде жаяу жүрген адамдарды кімдер дейді? (жүргізушілер) 5. Автобус тоқтайтын жерді не деп атайды? (аялдама)		
	6. Бағдаршамның «Қызыл» көзі не дейді? («Тоқта» дейді) 7. Велосипедті көшеде неше жастан тебуге болады? (14 жастан) 8. Бағдаршамда неше көз бар? (Үш көз бар: қызыл, сары, жасыл) 9. Жаяу адамдардың өтетін жолындағы сызық. (ақжол) 10. «Жолаушылар» деген кім? (көлікке мінетін адамдар)		

Сабақтың аяқталуы Қорытынды Қауіпсіздік ережесі 5мин	«Бағдаршам» әдісі. Құрметті оқушылар! Бүгінгі жол белгілері арқылы, жол қауіпсіздігін білетін болдыңыздар. Жолда жүру ережесіне мұқият болу керек. Қай көше, қай қалаға барсаңыз да, Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да. Жол жүру ережесі – заңды тәртіп, Ол ортақ! Үлкен – кіші, баршамызға, - деп бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз. Сабақ аяқталды. Сау болыңыздар	ереже
--	---	--------------

Қысқа мерзімді жоспар

Мектеп: №27 «Аққала» жалпы орта мектебі		Мұғалімнің есімі: Халметов А.	Тәрбие сағаты										
Сабақтың тақырыбы:		6) Жүргізушінің еңбегінің ерекшеліктері мен негізгі міндеттері.											
Күні: 19 ақпан		Сынып: 8 – «Б»				Оқушы саны: 13							
Сабақтың мақсаты		Оқушылардың көше ережесін меңгеру дағдыларын қалыптастыру және іс жүзінде пайдалана білуін жетілдіру. <u>Сақтыққа</u> , жеке бас қауіпсіздігін сақтай білуге тәрбиелеу. Оқушылардың жолда жүру ережелерінің қажеттігін ұғындыру.											
Көрнекіліктер		Суреттер, сөзжұмбақ кестесі, нақыл сөздер											
Жарыс сабақ													
Сабақ барысы													
Басталуы 2 мин		Ұйымдастыру кезеңі: Әр топ өздерін таныстырып өтеді. I топ: «Жас ұлан» тобы II топ: «Қайсар» тобы Жарысымыздың шарттары: I кезең «Жол ережесін білеміз бе?» II кезең «Менің мектепке барар жолым».(Ситуациялық сұрақ) III кезең «Көңілді жолаушылар». (Көрініс) IV кезең «Мамандар атынан сөйлеу» IV кезең «Оқушылар шығармашылығы» V кезең «Капитандар сайысы» I кезең «Жол ережесін білеміз бе?» Шарты: Топтағы әр оқушы <u>ұяшықтағы сандарды таңдап</u>, ішіндегі сұрақтарға жауап береді.. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 1. Жүрісті реттеп отыратын адам? (жол реттеуші) 2. Егер көшенің шетінде жиек жол болмаса жаяу жүргінші жол бойында қалай – жүріп тұруы керек? (келе жатқан көлікке қарсы бағыт ұстап жолдың сол жақ шетімен жүру керек) 3. Көліктің оңға бұрылатындығын қалай білуге болады? (оңға бұрылатын көлік жолдың оң жағындағы бірінші қатарда тұрады және оның оң жақ бұрылысты білдіретін жарығын жағады) 4. «Абайлаңыз балалар» 5. ”Жолаушылар” дегеніміз кімдер? (кез-келген көлік түрін пайдаланатын адамдар) 6. Бағдаршам дегеніміз не, оның адам өмірі үшін қандай пайдасы бар? (бағдаршам – механикаландырылған немесе автомат жүйесіне қосылған үш көзді аспап. Ол жол бойының қозғалысын реттеуде өте үлкен рөл атқарады.) 7.Жол бойларында велосипедпен, қол шанамен, сүйретпелі қол											

	арбамен қалай жүру керек? (велосипед, қол шана, қол арбамен жолдың шетімен жағалай жүру керек. Ал жиск жол болмаса, жолдың сол жағымен жүру керек) 8. Жол көлік оқиғасына куә болған адамдар не істеу керек? (03 — жедел жәрдем шақырып, 02 – полиция бөліміне хабарласу керек) 9. Транспорт құралы дегеніміз не? (адам немесе жүк тасымалдауға арналған көлік) 10. Жол бойында балалардың ойнауына қатаң тыйым салынған себебі неліктен? (ойын қызығымен балалар жол қауіпсіздігін ұмытып, жақындаған машинаға мән бермейді) 11. «Жаяу жүргіншілер жолы» 12. Қандай жол белгісі велосипедпен жүруге тыйым салады? (қызыл дөңгелектің ішінде велосипедтің суреті бар)					
Тәрбиенің басым бағыты бойынша сабақ мазмұны Ортасы 20 мин	«Менің мектепке барар жолым» (ситуациялық сұрақ) Ұпайы көп топ ойынды бастайды. <table><tr><td>1</td><td>2</td></tr><tr><td>3</td><td>4</td></tr></table> 1.Сабаққа асығып келесің. Жол жиегіндегі қоршаудан аттап, келесі бетке өтіп кетсең, сабаққа кешікпей үлгеруің мүмкін. Жаяулар өтетін жерден өтсең, сабаққа кешігіп барасың. Сен осы екі жолдың қайсысын қалайсың? 2.Бағдаршамның қызыл көзі жанып тұр, бірақ көшеде ешқандай көлік қозғалысы жоқ. Сен осы сәтті қалай пайдаланар едің? 3.Жолдасың саған жолдың арғы бетіне келе жатқан көліктің алдынан жүгіріп өтуіңе шапшаңдығың да, батылдығың да жетпейді деп келеке етті. Сен өз батылдығыңды қалай дәлелдер едің? Бұл жағдаяттан қалай шығар едің? 4.Мектепке асығып келесің. Жолда көлік көп. Жолдың арғы бетіне өте алмай қолыңдағы заты ауы қарт ана мен 5жасар бала тұр. Саған жағдай айтты. Сен не істер едің?		1	2	3	4
1	2					
3	4					
Сабақтың аяқталуы Қорытынды Қауіпсіздік ережесі 5мин	«Бағдаршам» әдісі. Құрметті оқушылар! Бүгінгі жол белгілері арқылы, жол қауіпсіздігін білетін болдыңыздар. Жолда жүру ережесіне мұқият болу керек. Қай көше, қай қалаға барсаңыз да, Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да. Жол жүру ережесі – заңды тәртіп, Ол ортақ! Үлкен – кіші, баршамызға, - деп бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз. Сабақ аяқталды. Сау болыңыздар	ереже				

Қысқа мерзімді жоспар

Мектеп: №27 «Аққала» жалпы орта мектебі		Мұғалімнің есімі: Халметов А.	Тәрбие сағаты
Сабақтың тақырыбы:	7) Жол қозғалысының қауіпсіздігіне ауа райының әсер етуі		
Күні: 11 наурыз		Сынып: 8 – «Б»	Оқушы саны: 13
Сабақтың мақсаты	Оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен жүре білуге үйрету. Оқушыларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу. Оқушыларды сақтыққа тәрбиелеу. Өз бетімен жұмыс жасай білуге дағдыландыру. Сөздік қорларын байыту.		
Көрнекіліктер	Суреттер, сөзжұмбақ кестесі, нақыл сөздер		
Сабақ барысы			
Басталуы 2 мин	Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылардың назарын жаңа сабаққа аудару.		
Тәрбиенің басым бағыты бойынша сабақ мазмұны Ортасы 20 мин	Сәлеметсіздер ме, оқушылар! Бүгін біздерге мемлекеттік авто инспекция қызметкері келіп тұр. Ол сендерге жолда жүру тәртібі туралы айтып өтеді. МАИ қызметкері: Сәлеметсіздер ме, балалар! Бүгін мен сендерге жарақаттардың алдын алу мақсатында жол тәртібі нұсқауларына қысқаша шолу өткіземін. Бағдаршам - өмірімізді жазымнан сақтандыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп, тілін алу баршамызға керек. Біздің ауылымызда, сол сияқты біздің еліміздің басқа да қала, ауылдарында бәріне ортақ көше қатынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, яғни барлық көлік жүргізетін жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек. Балалар, сендер көшеде жүру ережесін білесіңдер ме екен, көрейік. Мынандай сұрақтарға жауап беріңдерші: Көшеде жүру ережесін білу бізге не үшін керек? Әр оқушы көшеде жүру тәртібін өте жақсы білуі керек. Көшеде жүре білу машина астына түсуден, апаттан сақтайды. Жиекжол дегеніміз не?		
	Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол. Жаяу адамға қай жермен жүруге рұқсат етілмейді? Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді. Көшеде жүру тәртібін кім басқарады? Көшеде жүру тәртібін бағдаршам басқарады. Көше қиылыстарында қай жерлерден өтуге болады? Көшенің екінші көшемен қиылысқан жерінде немесе «Өтетін жер» деп жазылған тұста немесе асфальтта көлденеңіне сызылған жалпақ ақ жолақтары бар жерінде және бет алдындағы бағдаршамның жасыл жарығы жанған кезде өтуге болады. Ал жиекжолда қалай жүру керек? Жиекжолдың оң жағымен жүру керек, сол жағымен жүруге болмайды. Жиекжолдан тағы қалай жүруге рұқсат етілмейді? Төрт - бес адам қатар жүруге болмайды. МАИ қызметкері: Оқушылар, сендер жолда жүру ережелерін түсіндіңдер ме? Жол тәртібін сақтап, өз өмірлеріңізге қамқор болатындарына сенімдімін.		

	Балалар, келесі кезекті жұмбақ шешуге берелік. Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Өміріңді күзеткен, Бісқырықпен түзеткен. (Милиционер) <u>Көше бойлап аяңдайды</u>, Адам тасып аялайды. (Автобус) Жоқ өзінде бас та, ауызда да, құлақ та, Бакырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам) 4. Бір тұлпар су ішпейді, <u>жем жемейді</u>. Есіркеп ешбір адам жемдемейді. Жүк емес жануарға жүз адам да, Доғасын сымына сүйреп, жол жөндейді. (Трамвай) 5. Арқаным тым ұзын, Ала алмайсың бір үзім. (Жол) 6. Қозғалмасаң құлайды, Сүйемесең сұлайды. Құйымшақты ері бар, Бұл не деген жануар? (Велосипед)	ереже
--	--	-------

Сабақтың аяқталуы Қорытынды Қауіпсіздік ережесі 5мин	Қауіпсіздік ережесі: 1.Өзінді біреудің кемсітуіне жол берме! 2.Бейтаныс адамдармен сөйлеспе! 3.Бөтен көлікке мінбе! 4.Жол ережесін үнемі есте сақта!	
--	--	--

Қысқа мерзімді жоспар

Мектеп: №27 «Аққала» жалпы орта мектебі		Мұғалімнің есімі: Халметов А.	Тәрбие сағаты
Сабақтың тақырыбы:	8) Велосипедте жүру.		
Күні: 15 сәуір		Сынып: 8 – «Б»	Оқушы саны: 13
Сабақтың мақсаты	Оқушыларды көліктермен, жолда жүру ережелерімен, жол белгілерімен, бағдаршаммен және жаяу мен көліктің өзара байланысын ұқтыру.		
Көрнекіліктер	Суреттер, сөзжұмбақ кестесі, нақыл сөздер		
Сабақ барысы			
Басталуы 2 мин	Ұйымдастыру: - Тақырыппен таныстыру Психологиялық дайындық. - Біздің ата – бабамыз қандай халық болған? - Көлік ретінде нені пайдаланған? Ой қозғау, түсіндіру Ал ауыр жүк артуға, алыс жолға төзімді жылқыны қазанат деп атап, оны ерекше бағалаған. - Одан кейін қандай көлік пайда болды деп ойлайсыңдар? Велосипед (фр. vélocipède, шығу тегі лат. velox — жылдам, жедел және pes — аяқ) — адам күшімен қозғалатын көлік түрі. Көбінесе екі доңғалақты, кейбір кездерде үш доңғалақты түрлері де кездеседі. Бірінші велосипедтер Еуропада XIX ғасыр пайда болып, одан бері әлемге кең тараған		
Тәрбиенің басым бағыты бойынша сабақ мазмұны Ортасы 20 мин	— Енді, балалар, қаламдарыңды орнына қойып, кеуделеріңді, бастарыңды көтеріп түзу отырыңдар. Мен сендерге велосипедке қойылатын техникалық талаптар және велосипедшілердің жүрісіне қойылатын қосымша талаптар туралы түсінік беремін. Зейін қоя қарап, тыңдай отырып, жаңа мағлұматтарды естеріңе сақтай отырыңдар. «Велосипед» француз сөзі. Ол «желаяк» деген ұғымды білдіреді. Велосипед көліктің бір түрі, ал велосипедші — оны жүргізуші болып есептеледі. Сондықтан ЖЖЕ-де велосипедшілерге арналған арнайы тарау бар. Ол «Велосипед және велосипедшілерге қойылатын техникалық талаптар» деп аталады. Мысалы, ЖЖЕ-сі аспалы двигателі жоқ велосипедпен жасы 14-тен асқан балалардың ғана жолға шығуына рұқсат етеді. Ал 2 не 3 доңғалақты, двигателінің жұмысы 50 см. кубтан көп емес, жылдамдығы сағатына 40 шақырымнан аспайтын көлік түрлерін 16 жастан асқан жасөспірімдер пайдалана алады. Источник: https://www.tarbie.kz/10210		
Балалар, келесі кезекті жұмбақ шешуге берелік. 1. Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Өміріңді күзеткен,		ереже	

	Ысқырықпен түзеткен. (Милиционер) 2. <u>Көше бойлап аяндайды</u>, Адам тасып аялайды. (Автобус) 3. Жоқ өзінде бас та, ауызда да, құлақ та, Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам) 4. Бір тұлпар су ішпейді, <u>жем жемейді</u>, Есіркеп ешбір адам жемдемейді. Жүк емес жануарға жүз адам да, Доғасын сымына сүйреп, жол жөндейді. (Трамвай) 5. Арқаным тым ұзын, Ала алмайсың бір үзім. (Жол) 6. Қозғалмасаң құлайды, Сүйемесең сұлайды. Құйымшақты ері бар, Бұл не деген жануар? (Велосипед)	
Сабақтың аяқталуы Қорытынды Қауіпсіздік ережесі 5мин	Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, шаңғы тебетіні, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақаталады. Ал кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады. Сондықтан әрбір оқушы мектепте оқылатын» Жолда жүру ережесі» тақырыбындағы сабақты мұқият тыңдап, әр сабақтан қорытынды жасап отыруға міндетті. Үлгілі, тәртіпті оқушы көшеде, жолда жүру ережесін, заңын бұзбайды.	

Қысқа мерзімді жоспар

Мектеп: №27 «Аққала» жалпы орта мектебі		Мұғалімнің есімі: Халметов А.	Тәрбие сағаты
Сабақтың тақырыбы:	9) Жараланған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету. Жоғарғы және төменгі аяқ-қол дене бөліктерінің сынған		
Күні: 29 сәуір	Сынып: 8 – «Б»	Оқушы саны:	
Сабақтың мақсаты	1. Оқушыларға жарақат алған кезде көрсетілетін алғашқы көмектің негізгі әдіс – тәсілдерімен таныстыру; 2. Оқушыларды алғашқы медициналық көмектің практикалық дағдысын қалыптастыру; 3. Достыққа, адамгершілікке, біріне - бірі көмек беруге тәрбиелеу.		
Көрнекіліктер	Суреттер, сөзжұмбақ кестесі, нақыл сөздер		
Сабақ барысы			
Басталуы 2 мин	Бүгінгі сынып сағатының тақырыбы: Жарақаттардың түрі, оған көрсетілетін бірінші көмек және оның алдын алу Барлық механикалық зақымдаушылар ашық және жабық деп бөлінеді. Жарақаттар – бұл адам ұлпалары мен органдарының зақымдануы, сыртқы себептерден аяқ-қолдың сынуы мен буынның шығуынан, жұмсақ ұлпаның жаралануы мен дененің сыдырылуынан, органдардың зақымдануынан және көптеген басқа жәйттердің әсерінен ұлпалар мен органдар тұтастығы мен қызметінің бұзылуы. Алғашқы көмек дегеніміз – зардап шеккен адамның жарақатын асқындырмай, оған әртүрлі медициналық көмек шараларын дұрыс көрсетіп,оның өмірін сақтап қалуға бағытталған іс-әрекет. Сондықтан да жарақаттанған адамның өмірі мен патологиялық процестердің одан арғы салдары көбінесе апат болған жердегі алғашқы көмектің көрсетілген уақыты мен оның сапасына тығыз байланысты. Ашық зақымдалу, немесе жара, кілегейлі қабықша мен тері жамылғысының тұтастығының бұзылуы - бұл сыртқы жара, ал ішкі жара қан кетумен сипатталады (көкірек, құрсақ қуысы, ми сауытында). Жарақаттану мынадай түрлерге бөлінеді: 1. Өндірісте (өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында) жарақаттану; 2. Көлікте (автомобиль, темір жол, су көлігі, әуе көлігі) жарақаттану; 3. Көшеде жарақаттану (адамдардың көшеде құлап қалуынан, құлаған заттардың соғуынан, т. б. зақымдану); 4. Әскери қызметшілердің соғыс кезіндегі және бейбіт кездегі жарақаттары болып табылатын әскери жарақаттану; 5. Спортпен айналысқан кездегі спорт жарақаттары. Жарақаттардың түрлері:		
	1. Терінің бүтіндігінің бұзылуы бойынша жарақаттар бөлінеді: ашық және жабық жарақаттар. Ашық жарақатқа ұлпа мен ағзалардың анатомиялық тұтастығының		

бұзылуы жатады: жара, сынык, күйік, буынның түюы. Жабық жарақатқа - терінің сыдырылуы, сіңірдің созылуы, бұлшық еттің жаншылуы, аяқ - қолдың буыннан шығуы, сүйектің жабық сынуы.

Жедел және созылмалы жарақаттар. Жедел дегеніміз ағза ұлпасында бір сәтте қатты әсер ету нәтижесінде пайда болған зақымдану. Созылмалы дегеніміз аз күштің көп мәрте және тұрақты әсерінен пайда болған зақымдану. 3. Тікелей және тікелей емес жарақаттар. Тікелей жарақаттар соққы тіген жерде пайда болады. Тікелей емес ағзаның басқа жерінде пайда болған жарақаттар. 4. Қайтымды және қайтымсыз жарақаттар.

	2.	
Тәрбиенің басым бағыты бойынша сабақ мазмұны Ортасы 20 мин	Иіс – газ иісінен уланудан пайда болатын жарақат, одан адам естен танып, ал ауыр жағдайларда өлімге әкеп соғады. Газ иісінен уланғанда әлсіреу, ұйқышылдық, бас ауыруы, жүрек айну, құсу пайда болады. Егерде уланған адамға тез арада көмек көрсетпесе, ол тыныс алу мен жүрек қызметінің әлсіреуінен өліп кетуі мүмкін. Мүмкіндігінше тезірек газдың әсерін тоқтату қажет, терезе, есіктерді ашып немесе зардап шеккен адамды ғимарат ішінен алып шығу қажет. Оның басына міндетті түрде суық компресс жасап, аяғына грелка қою керек, бетіне суық су бүрку қажет, нашатырлы спирт иіскету керек, қою шай немесе кофе ішкізу қажет. Қиын жағдайда қолдан дем алдырып және жүрекке массаж жасау қажет. Үсітіп алу - дененің қандайда бір бөлігінде суықтың ұзақ әсер етуінен басталады. Күн өту - күн көзінің бастан өтіп кетуі нәтижесіндегі организмнің ауыр сырқаулы күйі. Зардап шегушіде жүрек айнушылық, лоқсу, мұрыннан қан кету, көзінің көруі бұзылуы мүмкін, тыныс алу және тамырдың жиі соғуы, ессіз қалыптағы жағдайдағы оқиғалар да байқалады, тыныс алу және жүрек қызметінің тоқтауы байқалады. Алғашқы жәрдем. Зардап шегушіні салқын бөлмеге немесе көлеңкеге әкеліп, үстіндегі киімдерін шешіп, жүрек аумағына және басына суық басып, молырақ тұзды сусын беру қажет. Ауыр түрінде қолдан дем алдыруға және жүрекке массаж жасауға кірісу керек. Қажеттілік болса зардап шегушіні емдеу мекемесіне жеткізу қажет. Суға кету - тыныс алу жолдары сұйықтыққа немесе сұйықтық массасына толады. Суға кету белгілері аузынан көбік ату, тыныс алу және жүрек қызметінің тоқтауы, тері бетінің көгеруі, қарашықтың ұлғаюы болып табылады. Алғашқы жәрдем. Ауыз қуыстарын тазалау, зардап шегушіні ішімен құтқарушының санына жатқызу керек, зардап шегушінің басы жерге салбырап тұру үшін, жігермен арқасы мен кеудесінен басып, өкпе мен асқазандағы суды шығару қажет, қолдан дем алдыруға кірсу керек (зардап шегушіні жылындыру үшін үйкелеу керек). Улану. Тағамнан улану көздерінің көптен бір тараған түрі біршама микроптар бар, өте күшті токсиналар бөлетін өнімдерден болуы мүмкін. Бұл біріншіден ботулинус таяқшасы. Улану консервіленген тағам өнімдерін қолданғаннан пайда болады. Әдеттегі кез-келген тағамнан уланғанда, бірнеше сағаттан соң көздің көруі әлсірейді (лоқсу, іш өту, іштің ауыруы), сөйлеу және жұтыну бұзылады. Тағамнан улану кеңінен таралған, ол стафилококк токсиналарынан болады. Бұл бактериялар әртүрлі тағам өнімдерінде көбейе береді	ереже

Сабактың аяқталуы Қорытынды Қауіпсіздік ережесі 5мин	(кремді пирожный, сүтті тағамдар, ысталған өнімдер, паштеттер). Алғашқы жәрдем. Зардап шегушінің асқазанын шайып, 5-6 стақан жылы су немесе аздаған ас содасының ерітіндісін ішкізіп, тілдің түбін саусақпен тітіркендіріп, лоқсытады, осындай процедураны бірнеше рет қайталайды. Асқазан тазартылғаннан кейін ыстық шай береді. Содан соң зардап шегушіні емдеу мекемесіне жіберу керек. Қорытынды - Бүгінгі сынып сағатында алғашқы көмек көрсетудің принциптері мен оқыс жағдайда зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетудің жолдарымен таныстық. Көп жағдайда зардап шегушінің толық жазылып кетуі немесе өмір бойы мүгедек болып қалуы осы алғашқы көмекке байланысты. Дер кезінде дұрыс көрсетілген алғашқы көмектің арқасында адам өмірін сақтап қалуға өз үлесіңізді қоса аласыз. Әрекет етуден қорықпаңыз, сіз әншейін көмекке шақырып айқайлаған болсаңыз да осының өзі сіздің үлесіңіз	
---	--	--

--	--	--

